

**Уәлиханов аудандық мәслихатының 2020 жылғы 8 қаңтардағы № 3-49 с "2020-2022 жылдарға арналған Уәлиханов ауданы Ақтүйесай ауылдық округінің бюджетін бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов аудандық мәслихатының 2020 жылғы 30 қарашадағы № 3-64 с шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 4 желтоқсанда № 6760 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 106, 109-1-баптарына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының 26-бабына сәйкес Уәлиханов аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Уәлиханов аудандық мәслихатының "2020-2022 жылдарға арналған Уәлиханов ауданы Ақтүйесай ауылдық округінің бюджетін бекіту туралы" 2020 жылғы 8 қаңтардағы № 3-49 с шешіміне (2020 жылғы 21 қаңтарда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде жарияланған, нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5943 болып тіркелді) келесі өзгерістер енгізілсін:

1-тармақ жаңа редакцияда баяндалсын:

"1. 2020-2022 жылдарға арналған Уәлиханов ауданы Ақтүйесай ауылдық округінің бюджеті осы шешімге тиісінше 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес, соның ішінде 2020 жылға келесі көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 26 470,6 мың теңге:

салықтық түсімдер – 1 026 мың теңге;

салықтық емес түсімдер - 107 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер - 0 мың теңге;

трансферттер түсімі – 25 337,6 мың теңге;

2) шығындар – 48 970,6 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу – 0 мың теңге:

бюджеттік кредиттер – 0 мың теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу - 0 мың теңге;

4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо - 0 мың теңге;

қаржы активтерін сатып алу - 0 мың теңге;

мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер - 0 мың теңге;

5) бюджет тапшылығы (профициті) - -22500 мың теңге;

б) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 22500 мың теңге;  
 қарыздар түсімі – 22500 мың теңге;  
 қарыздарды өтеу - 0 мың теңге;  
 бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары - 0 мың теңге.";  
 келесі мазмұндағы 7-1 тармағымен толықтырылсын:

"7-1. 2020 жылға арналған ауылдық бюджетте Қондыбай ауылында көше жарықтандыруының ағымдағы жөндеуіне облыстық бюджеттен нысаналы трансферттерді ескеру.";

8-тармақ жаңа редакцияда баяндалсын:

"8. 2020 жылға арналған ауылдық бюджетінде аудандық бюджеттен берілетін нысаналы трансферттер түсімдері ескерілсін, соның ішінде:

- 1) Ақтүйесай ауылының клубына ағымдағы жөндеу жүргізуге;
- 2) Ақтүйесай ауылының клубына көмір сатып алуға және тасымалдауға;
- 3) құжаттарды ресімдеуге;
- 4) Ақтүйесай ауылындағы көшелерді жарықтандыруға;
- 5) еңбек ақы қорына;
- 6) Ақтүйесай ауылындағы клубына спорттық құрылғыларды сатып алуға.";

9-тармақ алынып тасталсын;

көрсетілген шешімнің 1-қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда баяндалсын.

2. Осы шешім 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Уәлиханов аудандық мәслихаты  
 сессиясының төрағасы

*Б.Топанбаева*

Уәлиханов аудандық  
 мәслихатының хатшысы

*Б.Кадиров*

Уәлиханов аудандық мәслихатының  
 2020 жылғы 30 қарашасы  
 № 3-64 с шешіміне  
 қосымша

Уәлиханов аудандық мәслихатының  
 2020 жылғы 8 қаңтардағы  
 № 3-49 с шешіміне  
 1-қосымша

## 2020 жылға арналған Уәлиханов ауданы Ақтүйесай ауылдық округінің бюджеті

Санаты		Атауы	Сомасы , мың теңге
Сыныбы			
Кіші сыныбы			
1		2	3
		1) Кірістер	26470,6
1		Салықтық түсімдер	1026

04		Меншікке салынатын салықтар	1026
	1	Мүлікке салынатын салықтар	28
	3	Жер салығы	75
	4	Көлік құралдарына салынатын салық	923
2		Салықтық емес түсімдер	107
01		Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	107
	5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	107
3		Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	0
4		Трансферттер түсімі	25337,6
02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	25337,6
	3	Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	25337,6
Функционалдық топ			
	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі	Атауы	Сомасы, мың теңге
	Бағдарлама		
1		2	3
		2) Шығындар	48970,6
01		Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	11755
	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	11755
	001	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	11755
07		Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	4809,7
	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	4809,7
	008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	4709,7
	011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	100
08		Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік.	31213
	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	31213
	006	Жергілікті деңгейде мәдени-демалыс жұмысын қолдау	31213
12		Көлік және коммуникация	300
	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	300
	013	Аудандық маңызы бар қалаларда, ауылдарда, кенттерде, ауылдық округтерде автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	300
13		Басқалар	892,9
	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	892,9
	040	Өңірлерді дамытудың 2025 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды іске асыруға ауылдық елді мекендерді жайластыруды шешуге арналған іс-шараларды іске асыру	892,9
		3) Таза бюджеттік кредиттеу	0
		Бюджеттік кредиттер	0
Санаты			

Сыныбы		Атауы	Сомасы , мың теңге
	Кіші сыныбы		
5		Бюджеттік кредиттерді өтеу	0
	01	Бюджеттік кредиттерді өтеу	0
	1	Мемлекеттік бюджеттен берілген бюджеттік кредиттерді өтеу	0
		4) Қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо	0
		Қаржы активтерін сатып алу	0
		Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	0
		5) Бюджет тапшылығы (профициті)	-22500
		6) Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану):	22500
7		Қарыздар түсімі	22500
	01	Мемлекеттік ішкі қарыздар	22500
	2	Қарыз алу келісім-шарттары	22500
Функционалдық топ		Атауы	Сомасы , мың теңге
	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі		
	Бағдарлама		
16		Қарыздарды өтеу	0
Санаты		Атауы	Сомасы , мың теңге
	Сыныбы		
	Кіші сыныбы		
8		Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	0
	01	Бюджет қаражаты қалдықтары	0
	1	Бюджет қаражатының бос қалдықтары	0